

Әдеби-сазды кешке зерттеушілер, аға буын оқилдері мен жастар, сондай-ак Сегіз серінін ұрпактары жиналды. Арасында шөбересі Амантай Бегенов те отыр.

Амантай Бегенов - Сегіз серінін шөбересі:

- Сегіз серінін ұлы Мұстафадан менін әкем Беген, Бегеннен мен Амантай тугам. 200 жылдығына орай үлкен шара ұйымдастырып жатыр, көп рахмет.

Мұхамедқанапия Баһрамұлы - бұл Сегіз серінін азан шақырып қойған аты. Ол оне бойына акындық, сал-серілік өнер, саятшылық пен ұсталық кәсіп біткен, елге әйгілі палуан мен найза ұстаған батыр болған екен. Аңыз бойынша бұл сегіз қырлы, бір сырлы жігітке халық Сегіз сері деп ат беріпті. Дегенмен, туындылары халық әндерінін қатарына қосылып кетіп, гібратты ғұмыры ұзақ жылдар бойы қоленкеде қалған батыр бабамыздың өмірі мен шығармашылығы - бүгінде зерттеушілердің басты назарында.

Каракат Шалабаев - ардагер ұстаз, Сегіз сері жайлы "Гүлтөбе-Маманай" кітабының авторы:

- 30-ға жуық ән, 4 дастан мен 5-6 күй шығарған. Оның туындыларының көбі бұған дейін халық әндері саналып келді. Сегізді өмірде болмаған аңыз адамы деп санаған да шак болды.

Шара барысында М.Козыбаев атындағы СКМУ профессоры Жанбай Кадыров пен басқа да ғалымдар өз зерттеулерімен бөлісіп, мазмұнды баяндамалар оқыды. Ал, кеш сонында облыстық филармония әншісі Еркебұлан Қарыпов Сегіз серінін көпке әйгілі "Гайни" өнін орындап берді.

Саят Ермек